

**Жангелдин ауылдық округі, "Құлпейіс" қыстағы, "Тоқмырза" шаруа қожалығына карантин іс-шараларын белгілеу туралы**

*Күшін жойған*

Атырау облысы Қызылқоға ауданы Жангелдин ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 24 мамырдағы № 11 шешімі. Күші жойылды - Атырау облысы Қызылқоға ауданы Жангелдин ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 28 маусымдағы № 13 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Қызылқоға ауданы Жангелдин ауылдық округі әкімінің 28.06.2022 № 13 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының 10-1-бабының 7 ) тармақшасына сәйкес, Қызылқоға ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2022 жылғы 12 мамырдағы № 11-10/136 ұсынысы негізінде ШЕШТІМ:

1. Атырау облысының Қызылқоға ауданы Жангелдин ауылдық округіне қарасты "Құлпейіс" қыстағында орналасқан "Тоқмырза" шаруа қожалығында ірі қара малда қарасан ауруы пайда болуына байланысты карантин іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Округ әкімі*

*А. Бағдаров*